

- кураторская деятельность выступает системообразующим элементом воспитательной системы, способствующим повышению ее результативности;
- определены и реализованы педагогические условия осуществления кураторской деятельности, к которым относятся: актуализация ценностного отношения к воспитательной работе со студентами у педагогического коллектива; разработка и реализация педагогическим коллективом нормативно-организационной базы кураторской деятельности; совершенствование профессионально-педагогической компетентности куратора, реализация кураторами взаимосвязи и взаимовлияния компонентов воспитательной системы в многофункциональной и многообразной среде учебного заведения. Реализация данных условий в соответствии с поставленной целью внесет изменения в функционирование воспитательной системы, наделит кураторскую деятельность системообразующими функциями, создаст условия повышения результативности через ее переход с этапа кризиса на этап становления.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Газалиев А.М., Бакбардина О.В., Смолькина Т.П., Готтинг В.В. Методические рекомендации по проведению кураторских часов.
- 2 Бугаева Т.П. Деятельность куратора в современном вузе.
- 3 Некрасова А.С. Сущность и содержание деятельности куратора в студенческой группе.

«НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ» АТТЫ ІС-ШАРАҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ШОЛУ ЖӘНЕ КУРАТОРЛАР СТУДИЯСЫН ЖОБАЛАУ

Ерсултанова З.С.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Еліміздің жоғарғы оқу орындарында болашақта тәрбиелі де сауатты, жоғары интеллектуалды жастардың оқып, білім алып жатқаны сөзсіз. Өздерінің жақсы оқу-білім, тәрбие көрсеткіштерімен мұндағы жастар да әр білім ордасының бір кірпішіндей. Жастардың дұрыс тәрбие алып, келешекте өздерін кіші балаларға үлгі етіп ұстау үшін білім беру ұжымдары әр топтың тәрбиешісі-кураторын белгілеп қояды. Кураторлық жұмыста оқу жоспарларын студенттерге жеткізумен қатар, оларды дұрыс тәрбиеге, ғылыми сауаттылыққа баулу қарастырылған. Еліміздің әртүрлі мерекелерін жастар жетік біліп, олардың қоғамымызда алатын орнын түсіне білу үшін кураторлық сағаттардың мағыналы өткізілуі қажет. Мәнді де сәнді мерекелердің бірі-Наурыз мерекесі. Елімізде Наурыз мерекесі қазіргі кезде кең көлемде тойланып өткізілуде. Наурыз тек дүние табиғатын жандандырып қоймай, адамдардың да сана-сезіміне көп өзгерістер әкеледі. Күннің жылынуы адамдардың да табиғатын серпілтеді. Күннің жылуы секілді адамдар да жылылыққа жақындау болып, жылы сезімдер көбірек көрініп, мейірімділік молаяды.

Наурыз мерекесі біздің салт-дәстүрімізге жақын мейрам, сондықтан жастардың бойында болашақта ұлт мінезді мамандар тәрбиелеу іс-шаралары жүзеге асырылады. Жастар- болашақ от басы иелері. Сондықтан, қазақи ұлттық от басының үй жихаздарында ұлттық элементтердің-әртүрлі ою-өрнектер /1/, қолдан шеберлер жасаған төсеніштар, ұлттық ән-күй орындауға арналған қазақтың ұлттық аспабы-домбыра және оның безендірілуі –үкі болуы жас қыз балаларды әдемілікке, сәнділікке, берекелікке баулиды. Ұлттық киімдер- әртүрлі оюлармен көркемделген, бүліш матадан тігілген қыздар, келіншектер қамзолдарының, қосетек көйлектердің, ерлерге арналып тігілген шапандардың да алатын орны бір бөлек. Жарасымды ұлттық киімдерсіз Наурыз мерекесі тойланбайды. Наурыз мерекесі жас балаларға да жастарға да, үлкен жастағы адамдарға да ортақ мереке. Қазақша киінген кішкентай балалар той думанға асығып, аналары берген қымызды ішкен соң, Наурыз мерекесі тойланып жатқан жерге асығуда. Мерекеде жастар ән айтып, домбырада ойнап, айтыс тамашалап, «Қаражорға» биін билеп, өзара арқан тартыс ойынын ойнап, үлкен кісілерден бата алып оқудан бос

уақыттарын мағаналы да өздеріне пайдалы өткізуде. Куратор сағаты ұлттық тәрбие беруде өз мақсаттарына жетіп, өз ойларын ортаға салуда.

Келесі кураторлық сағат академиялық бір сағатқа созылған. Мұнда топ студенттері киын да қызығы мол бірінші курстарының Наурыз мерекесіне жиналуда. Жастар ұлттық атрибуттарды: әртүрлі тебетей үлгілерін өздеріне киіп, қолдан тігілген қазақша ою-өрнек салынған дөңгелек пішінді көрпелерді ұлттық ойыны асықтарды қарап, естелік суреттер жасауда. Қазақша безендірілген аудитория есігі де мерекеге ерекше сән беріп тұр. Топ студенттері әртүрлі тәтті тағамдар, бауырсақ жеп дәмді дастарқан басында Наурыз мерекесі жайлы өз ойларын бөлісуде/3/. Куратор сағаты оқу-білім жолындағы бір демалыс мезеті болды.

Педагогикалық жоғарғы оқу орнында оқып жүрген студент – ол болашақ ұстаз. Сондықтан болашақта оның ұстаздық жолында тәрбие жұмысы ерекше орын алады. Ал жоғарғы оқу орнында жүріп ол өзін-өзі осы мамандыққа дайындауы тиіс. Тәрбиелік жұмыс жоспарлары қоғамда болып жатқан көптеген іс-әрекеттермен тығыз байланысты. Әсіресе елімізде өткізілетін мереке күндері ауқымды іс-шаралар болып табылады. Сонымен қатар студенттерге мәдени, саяси, діни, әлеуметтік тәрбие беру – жоғарғы оқытудың бір міндеті. Сондықтан, аталмыш мекеменің материалдық қамтамасыз етілу жоспарына орай осы тәрбиелік жұмыстарды өткізуге шағын студия бөлінсе деген ұсыныс туындайды. Кураторлық студияның тәрбиелік жұмыс атқарудағы ролі ерекше болмақ. Бұл киын да қыстау білім жолында жүрген студент жастардың тек іс-шаралар ғана өткізетін жері ғана болып қоймай, бірмезгілде бос уақыт мәселелері мен шағын демалыс орны да бола алар еді. Төменде осындай орынға арналған техникалық және әдістемелік жабдықтау /2/ жоспарлары мен кураторлар студиясы бөлмесінің схемалық жобасы ұсынылып отыр.


Техникалық жабдықтау:

- 1) интерактивті жабдықтар (тақта, проектор);
- 2) мультимедиялық құралдар (компьютер, кеңэкранды телевизор);
- 3) 15-20 студент сиятын бөлме;
- 4) орындықтар, жұмсақ жихаздар;
- 5) жұмыс үстелдері;
- 6) қабырғалардың безендірілуі;
- 7) жұмыс жоспары;
- 8) әр іс-шараның әдістемелік, көрсетілім материалдары.

Кесте 1.
Әдістемелік жабдықтау

№	Іс-шаралар	Өткізілу мерзімі, өткізілу формасы	Қатысушылар	Сырттан шақырылатын қонақтар
1	Салауатты өмір салты	Дене шынықтыру ойыны	студенттер	Спортөкілі
2	Президенттің халыққа жолдауын талқылау	Диспут	студенттер	Қоғам қайраткерлері
3	Діни көзқарас	Дөңгелек стол	студенттер	Дін өкілдері
4	Пайдалы бос уақыт	Сұхбат	студенттер	Куратор
5	Қайырымдылық және достық көмек	Жетімдерге көмек акциясы	студенттер	Куратор
6	Үлкенге ұлағат	Кездесу	студенттер	Қоғам қайраткері
7	Менің сабаққа дайындығым	Тәжірбие алмасу	студенттер	Куратор
8	Мен болашақ ұстазбын	Мектеп балаларымен кездесу	студенттер	Мектеп ұстаздары, оқушылары
9	Жаман әдет қажет емес	Диспут	студенттер	Құқық қорғау өкілдері

10	Менің сүйікті жанұям	Фотосуреттер конкурсы	студенттер	Жюри мүшелері
11	Жаңа мектеп үлгісі	Студенттік жұмыстар конкурсы	студенттер	Жюри мүшелері
12	Тәрбиелі жас ұрпақ	Мектеп балаларымен кездесу	студенттер	Мектеп ұстаздары, оқушылары
13	Менің сүйікті отаным-Қазақстан	Сұхбат	студенттер	Өнер қайреткерлері
14	Театрға барғанда	Пікіралмасу	студенттер	Театр өкілдері
15	Наурыз мерекесі	Ән-би конкурсы	студенттер	Жюри мүшелері
16	Халықтар достығы	Әртүрлі ұл өкілдерімен кездесу	студенттер	Ұлттық диаспора өкілдері
17	Елімнің индустриясы	Пікіралмасу	студенттер	Индустрия саласының өкілі
18	Біздің партиямыз-Нұротан	Дөңгелек стол	студенттер	Нұротан өкілдері
19	Білім озаттары	Интеллектуалды ойын	студенттер	Жюри мүшелері
20	Аналар мерекесі	Музыкалық кеш	студенттер	Өнер өкілдері
21	Мен-спортшымен	Интеллектуалды спорт түрлерінен жарыс	студенттер	Спорт өкілдері
22	Мықты денсаулық – өмірдің сәні	Сұхбат	студенттер	Медицина өкілі
23	Мен суретшімін	Конкурс	студенттер	Жюри мүшелері
24	Қыздар қолөнері	Конкурс	студенттер	Жюри мүшелері
25	Желтоқсан ызғары	Театрленген көрініс	студенттер	Театр өкілдері



Сурет 1. Кураторлар студиясы бөлмесінің схемалық жобасы

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Халықтық дәстүрді дәріптеген // Жас өркен: Қостанай журналы. – 2014. – №4.
- 2 Есенбекова А. Жастар және театр // Жас өркен: Қостанай журналы. – 2014. – №2 (39).
- 3 Әділбекова Б. Оқы, ойлан, ізден // Жас өркен: Қостанай. журналы. – 2009. – №2 (39), 2009.